

СЕГОДНЯ ДОСТАВКА ГРУЗОВ ИЗ ШАНХАЯ В РОТТЕРДАМ МОРСКИМ ПУТЕМ ЗАНИМАЕТ ОКОЛО 60 ДНЕЙ, И ЭТО ПРИ УСЛОВИИ СВОБОДНОГО СУЭЦКОГО КАНАЛА. ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ЭТОТ ПУТЬ СОКРАЩАЕТСЯ ДО 16 ДНЕЙ. УЖЕ СЕЙЧАС 85% ГРУЗОПОТОКА МЕЖДУ КИТАЕМ И ЕВРОПОЙ ПРОХОДИТ ПО МАРШРУТУ ЧЕРЕЗ НАШУ СТРАНУ. ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО УВЕЛИЧЕНИЯ ТРАНЗИТА МЫ ВЕДЕМ РАБОТУ ПО СТРОИТЕЛЬСТВУ ВНЕШНЕЙ И ВНУТРЕННЕЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ФОРМИРУЕМ МЕЖДУНАРОДНУЮ ТЕРМИНАЛЬНУЮ СЕТЬ.

Нурлан ЖАКУПОВ,
председатель правления АО «Самрук-Қазына»



№70 (3109)
29/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ВСТРЕЧИ В КИТАЕ

В рамках рабочей поездки в Китай председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов проводит ряд стратегически важных встреч с ключевыми партнерами. Одной из них стала встреча в Пекине с председателем правления CRRC Corporation Limited Сунь Юнцаем, где стороны обсудили расширение сотрудничества в железнодорожной отрасли.

В частности, обсуждены перспективы взаимодействия в области локомотивостроения и модернизации подвижного состава. ҚТЖ и CRRC сотрудничают более 20 лет, за этот период реализованы крупные проекты по поставке железнодорожной техники.

На сети ҚТЖ эксплуатируется свыше 6 000 грузовых вагонов, 150 пассажирских вагонов и более 100 локомотивов, произведенных CRRC. В рамках заключенного в 2024 году контракта на приобретение 200 локомотивов (100 маневровых и 100 магистральных) поставки осуществляются по графику. Дизельные локомотивы успешно сертифицированы на пространстве колеи 1520 мм и уже задействованы в перевозочном процессе. Гибридные локомотивы проходят испытания.

– Мы высоко ценим сложившееся партнерство и уверены, что наше сотрудничество будет долгосрочным и взаимовыгодным, – отметил Талгат Алдыбергенов.

Стороны договорились о дальнейшем стратегическом сотрудничестве.

Проведена еще одна важная встреча – председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов встретился с заместителем секретаря парткома, губернатором провинции Сычуань Ши Сюалинь. В ходе переговоров стороны обсудили возможности создания совместных сухих портов в Чэнду и на территории Казахстана, а также подтвердили взаимную заинтересованность в дальнейшем расширении партнерства



в сфере транспортно-логистического сотрудничества.

Подчеркнем, проект реализуется по поручению Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, данному по итогам визита Председателя КНР Си Цзиньпина в июне текущего года.

– Встреча подтверждает обоюдную готовность сторон к реализации совместных инфраструктурных инициатив и увеличению объемов перевозок между Казахстаном и Китаем, – отметил Талгат Алдыбергенов.

Также в рамках рабочей поездки в Китай председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов провел переговоры с руководством SPSP и CIPR.

С SPSP рассмотрены проекты по созданию международного узла Казахстан – Синьцзинь (Чэнду, КНР), развитию складской инфраструктуры, строитель-

ству зерновых терминалов и агрохабов.

Напомним, АО «НК «ҚТЖ» уже имеет успешный опыт взаимодействия с китайскими партнерами, включая проекты в Ляньюньгане, Хоргосе и Сиане, ставшие важными этапами формирования устойчивого сотрудничества.

Так, Казахстан ежегодно поставляет на внешние рынки порядка 8-9 миллионов тонн зерновых культур, и развитие совместных логистических проектов позволит существенно расширить экспорт в Китай и страны Юго-Восточной Азии.

Китайская сторона представила цифровые решения с использованием технологий искусственного интеллекта для построения маршрутов перевозок. В рамках визита делегация ҚТЖ ознакомилась с работой железнодорожного логистического парка Юнган Синьцзинь и зернового терминала SPSP, который может стать ключевым звеном экспор-

та казахстанской сельхозпродукции в Китай и страны Юго-Восточной Азии.

С CIPR обсуждены перспективы строительства совместного сухого порта в Чэнду и терминальной инфраструктуры. Делегация ҚТЖ посетила Международный центр управления мультимодальными перевозками площадью 17,6 гектара, включающий более 150 тысяч квадратных метров складов, в том числе специализированных.

– Казахстан и Китай играют ключевую роль в развитии транзитных перевозок между Азией и Европой. Реализация совместных инфраструктурных проектов позволит повысить эффективность транспортных коридоров и расширить международное сотрудничество, – отметил председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Жаныбек КЕНЕС
Фото Олжаса АХМЕТОВА

«KERUEN EXPRESS» САПАРҒА АТТАНДЫ



Осы аптада «Алматы-Түркістан-Самарқанд-Бұқара-Ташкент-Алматы» бағыты бойынша «Keruen Express» туристік пойызы жолға шықты. «Жолаушылар тасымалы» АҚ іске қосқан пойызбен 130-дан астам жолаушы сапарға аттанды. Бұл бағыт Қазақстан мен Өзбекстанды байланыстырып, жолаушыларға екі елдің тарихи және мәдени мұраларымен танысуға бірегей мүмкіндік береді. Саяхат ұзақтығы – 6 күн; 2025 жылғы 26-31 тамыз аралығы.



Пойызды шығарып салу рәсіміне қатысқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов аталған құрам Қазақстан мен Өзбекстан арасында қатынайтын жетінші турпойыз екенін атап өтті.

– Туроператорлардың қолдауымен Алматы қаласындағы Қызыл өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының 25 тәрбиеленушісі осы турға тегін қатысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – балалар үшін жаңа қалаларды көріп, өңірдің мәдени мұрасымен жақынырақ танысуға зор мүмкіндік, – деді Әнуар Ахметжанов.

Пойыз бес заманауи вагоннан тұрады: төртеуі – купе, біреуі – вагон-мейрамхана. Барлық вагондар отандық өндірістен шыққан, жолаушыларға қолайлы сапарды қамтамасыз етуге қажетті жабдықтармен толық жасақталған. Ішкі безендіру ұлттық нақышта, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерімен өрнектелген.

Бағдар екі елдің ең ірі мәдени және тарихи орталықтарын қамтиды. Бағдарламада Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Отырар қалашығы, Самарқандағы Әмір Темір кесенесі мен әйгілі Регистан алаңы, Бұқарадағы Арк қамалы мен Ляби-Хауз кешені, Ташкенттегі Хазрет Имам мемориалдық кешені мен Төле би кесенесі және басқа да тарихи орындар бар. Тур бағасына пойызбен жол жүру, кәсіби гидтердің қатысуымен экскурсиялық бағдарлама, тарихи нысандарға кіру билеттері және туроператорлар ұйымдастырған трансферлер кіреді. «Keruen Express» пойызының іске қосылуы – теміржол туризмін дамытудың маңызды қадамы. Бұл бастама Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени байланыстарды нығайтып, өңірдің тарихи мұрасын кеңінен насихаттауға ықпал етеді.

Ұлан ОРАЗ

ВАЖНОЕ ВРЕМЯ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ



В Казахстане традиционно с особым вниманием относятся к детям и значимым моментам их жизни. Эту ценность разделяет и АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Руководство компании понимает, что такие события, как первый звонок или последний школьный день, становятся для семьи особенной вехой. Поэтому в Коллективный договор включена новая социальная льгота – дополнительный оплачиваемый день отпуска.

Он предоставляется всем женщинам компании, а также мужчинам, которые воспитывают ребенка (детей) без матери, чтобы родители могли быть рядом с детьми в самые важные моменты: 1 сентября (День знаний) – если ребенок идет в первый класс; в день последнего звонка – если ребенок заканчивает выпускной класс.

Этот дополнительный день оплачиваемого отпуска – возможность поддержать ребенка, разделить с ним волнение и радость важного дня.

При этом организация выходного дня продумана так, чтобы не нарушать производственные процессы и графики работы.

Такая мера – это проявление уважения компании к своим сотрудникам и их детям, а также шаг к созданию более человеческой и внимательной корпоративной культуры.

Асель ШАЙХЫНОВА



Марат ОЧАЛОВ,
Қызылорда жол
дистанциясының бастығы:

ЖОЛ КӨТЕРУ ЖҰМЫСЫ – ЖАЙ ҒАНА ЖӨНДЕУ ЕМЕС, ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ДӘЛДІКТІ ТАЛАП ЕТЕТІН КҮРДЕЛІ ДЕ ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС. ЖОЛ КҮТІМІН ЖАСАУДА СЫРТ КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН, БІРАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУГЕ ПАРА-ПАР ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС. БІЗДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІ ЖОЛШЫЛАР ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТЫҢ БОЛСЫН ҮДЕСІНЕН ШЫҒЫП, САПАЛЫ АТҚАРАТЫНЫНА КҮМӘН ЖОҚ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2025 ГОДУ КАПИТАЛЬНЫМ РЕМОНТОМ С ПРОДЛЕНИЕМ СРОКА СЛУЖБЫ ФИЛИАЛОМ АО «НК «ҚТЖ» – «ДИРЕКЦИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ» ОТРЕМОНТИРОВАНО

20

ТУРНЫХ ВАГОНОВ.

С НАЧАЛА ЛЕТНЕГО ПЕРИОДА ВЫЕЗДНАЯ КОМИССИЯ ҚТЖ ВЫЯВИЛА ПОРЯДКА

140

НАРУШЕНИЙ В ПОЕЗДАХ.

ҚТЖ ВЕДЕТ МАСШТАБНУЮ МОДЕРНИЗАЦИЮ

125

ВОКЗАЛОВ ПО ВСЕЙ СТРАНЕ.

Қайырымдылық

ЖЕТІ ЖҮЗ БАЛАҒА ОҚУ ҚҰРАЛЫ БЕРІЛДІ

2025-2026 жылдың жаңа оқу жылы да келіп жетті. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде балалар мектепке баруға қызу дайындалуда. Әсіресе мектепке тарыдай болып кіріп, он бір жылдан соң таудай болып шығатын бірінші сынып балақайларының толқуы мен қуанышында шек жоқ. Биыл Қазақстан бойынша 341 мың бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы отыр. Осыған орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ жыл сайынғы «Балаларды мектепке дайындайық» қайырымдылық акциясын өткізуді биыл да жалғастыруда.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Биыл компания 3-5 класты шалғай станция, бекеттерде тұратын, көп балалы теміржолшылар отбасыларынан шыққан, бірінші сыныпқа баратын 700 оқушыны мектеп құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етуде. Акция жаңа оқу жылының басында отбасыларды қолдау және бөріне тең жағдай жасауға бағытталған. Бұл оқу құралдарын теміржолшылар арасынан шыққан волонтерлер тиісті станция, бекеттерде тұратын отбасыларға жеткізуде. Оқушыларға қажет құралдар ішінде сөмке, дәптерлер, түрлі-түсті қарындаштар, сурет салатын альбомдар, қаламдар, желім, өшіргіштер, қылқалам және басқа да қажетті заттар бар.

– «Қазақстан темір жолы» ұлттық



компаниясы үшін өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы қашан да маңызды. Бұған дейін республикалық «Мектепке жол» акциясына да қатысып келдік. Бұдан

бөлек «Балаларды мектепке дайындайық» қайырымдылық іс-шарасына белсенді атсалысып келеміз. Бұл – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жыл сайынғы қайырымдылық бастамасы. Ол жұмысшылардың көп балалы отбасыларына, әсіресе шалғай аудандарда тұратындарға көмектесуге бағытталған. Акция аясында отбасыларға қажетті мектеп керек-жарақтары бар жиынтықтар беріледі. Теміржолшының әлеуметтік жағдайы дұрыс болса, қызметі де озық, еңбегі өнімді болады. Қазір барлық заттардың құны жоғарылап тұрған кезеңде бұл – көп балалы отбасылар үшін үлкен қолдау. Бұл – компанияның әлеуметтік саясатын жүргізу аясындағы жұмыстардың бір бөлігі ғана, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабылова.

(Тақырыптың жалғасы 4-бетте)

ПЕРВЫЙ СТРЕЛОЧНЫЙ ПЕРЕВОД

На перегоне Сарыагаш – Дарбаза выполнены масштабные работы по укладке первого стрелочного перевода.

На участке Шымкентского магистрального отделения железной дороги проведены значимые исторические работы. На перегоне Дарбаза – Сарыагаш, где возводится новая станция Ердауит, был уложен первый стрелочный перевод.

Для выполнения работ по демонтажу пути и врезке стрелочного перевода с 07:00 часов по нечетному пути предоставлялось 12-часовое технологическое окно. На четном пути перегона Дарбаза – Сарыагаш при этом был установлен двухсторонний автоблок.


Работы проводились в соответствии с приказом № 854 ДНЦ РЦУП (Мелдсбе-

ков). Руководил процессом начальник ПМС Мустафаев, участие приняли специалисты ПЧГ-54 под руководством Думана Додабаева.

Несмотря на большой объем, работы были завершены на час раньше установленного срока.

– Это событие имеет особое значение – сегодня был уложен первый стрелочный перевод новой станции Ердауит, – отметил главный инженер Арысской дистанции пути Думан Додабаев.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото автора



«ҮЗДІК ТАУАР» АТАЛЫМЫНДА ЖЕҢІМПАЗ

Ардан СЕРДАЛЫ, Ақтөбе



САПА

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС қазақстандық тауарлар байқауында «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясына ие болды.



Зауыт мамандары «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін биік деңгейде көрсете алғанын атап өтті. Отандық өндірістің дамуына үлес қосып отырған серіктестік шетелдік компаниялармен тығыз байланыс орнатқан.

Жақында Қазақстандағы Германия елшісінің орынбасары Ульрих Киннемен кездесу өтіп, оған неміс бизнесі өкілдерінің делегациясы да қатысқан болатын. Қонақтарға өндірістік цехтарда экскурсия ұйымдастырылды. Шетелдік мамандар зауыттың заманауи қуаттылығы, технологиялық процестер және шығарылатын өнімдерімен танысты.

Делегация «АРБЗ» ЖШС өндірістік базасының жоғары деңгейін және халықаралық әріптестікті кеңейтуге қызығушылық танытты.

Суретті түсірген автор

ВОКЗАЛДАР ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау



ЖАҢҒЫРТУ

Биылғы жылы елімізде жалпы саны 125 теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.



Соған сәйкес жаңғырту жұмыстары Атырау облысының 9 вокзал ғимаратында, яғни Атырау, Ганюшкино, Аққыстау, Доссор, Мақат, Сағыз, Жамансор, Мұқыр және Исатай вокзалдарында жүргізілмек.

Тапсырыс беруші – «ҚТЖ» ҰК» АҚ. Атырау магистральдық желі бөлімшесі вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышевтің айтуынша, қазіргі уақытта Аққыстау, Ганюшкино, Мақат, Доссор және Сағыз станцияларының вокзалдары түгелдей құлатылып, сүріліп тасталған. Енді жаңа вокзалдың жобалық-сметалық құжаттамасы, темірбетон конструкцияларының, архитектуралық жобаның шешімдерін жасақтау жүріп жатыр. Соның ішінде Исатай, Мұқыр, Жамансор станцияларының вокзалдарындағы ЭО постты модульді ғимаратқа көшіру жұмыстары да жүргізілуде. Ол әрине белгілі бір уақыт алатын жұмыс екені түсінікті. Мердігер мекемелер вокзалдарға техникалық тексеру жүргізіп, құжаттарды вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясына жолдаған. Ал Атырау вокзалы бойынша жұмыстарды мердігер «БатысАльянстрой» ЖШС жасайтын болды. «Rise Project Group» жобалау мекемесі қазіргі уақытта Атырау вокзалы астымен жүретін инженерлік жүйелерді, жылу, электр желілерін, СОБ кабельдерін, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс жүйелерін көшіру бойынша жобалау жұмыстарымен айналысуда.

«Қазіргі таңда бұзып тасталған вокзалдарда вагон-контейнерлерден жолаушыларға арналған күту залы, вокзал кезекшісі бөлмелері жасақталған. Жалпы, өңірдегі вокзалдарды қайта жаңғырту барысында ішкі жұмыстар, инженерлік жүйелерді ауыстыру, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қолжетімділігін, еркін қозғалысын қамтамасыз ету, атап айтқанда көтеру құрылғыларын орнату, арнайы бөлме, демалу бөлмелерін ұйымдастыру, халыққа қызмет көрсетуге және жақсартуға бағытталған құралдармен жабдықтау, сыртқы жұмыстар бойынша жылу жүйелері мен ауыз су жүйелерін қайта жаңғырту, жолаушылар платформаларын жөндеу, ғимараттың сыртын, қасбетін, шатырын, баспалдақтарды, жолаушылар платформасын жөндеу, айналаны абаттандыру және жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болады, – дейді Айбек Қуанышев.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛУДЕ



ӨЗЕКТІ

Сұлугүл БАКЕСОВА, Астана

– Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ. Оқу жылының басталуымен оқушылар үйреншікті бағдарына қайта оралатыны мәлім. Міне, осы кезеңде жазатайым оқиғалар қаупінің арта түсетін әдеті. Осыған байланысты ҚТЖ компаниясы әдеттегідей алдын алу шараларын күшейтіп, бүкіл ел бойынша түсіндіру акцияларын іске қосып отыр, – дейді Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шақенов.

Сонымен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тарапынан оқу жасындағы балалардың темір жолдан өту барысында жүріс-тұрыс қауіпсіздігін сақтау үшін қандай шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр?

Ең алдымен адамдардың теміржол жолдарына шығу қауіпі жоғары учаскелерде пойыздардың қозғалыс жылдамдығы

Оқушылардың жазғы демалысы аяқталып, жаңа оқу жылы басталғалы отыр. Осыған орай «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы теміржол инфрақұрылымы маңында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуде.



төмендетіледі. Екіншіден, теміржол бойына қоршау салу бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатса, келесі кезекте жаяу жүргіншілер көпірлерін салу бойынша жергілікті атқарушы органдарға техникалық шарттар берілген. Оқу басталысымен теміржолшылар мектептерде ақпараттық кездесулер өткізіп, онда балаларға теміржолдағы тәртіп ережелері туралы айтып түсіндірмек. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер өткелдері мен елді мекендердің жанында қосымша ескерту

белгілері орнатылуда. Теміржолшылар қауіпсіздікті күшейту мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен және жергілікті әкімдіктермен бірлесіп жұмыс істеп, қозғалысы жоғары учаскелерде бақылауды күшейтіп отырғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ қауіпті аймақ саналатын теміржол бойында болмауды, жол үстінде жүрмеуді еске салатын жадынамалар, баннерлер және бейнематериалдар таратылуда.

«Негізгі міндет – балалар мен олардың ата-аналарына теміржол ойын алаңы емес, қауіпсіздік ережелерін сақтамау адам өміріне қауіп-қатер төндіруі мүмкін екенін жеткізіп, қалыптастыру. Осыған орай ҚТЖ барлық азаматтарды, әсіресе ата-аналар мен мұғалімдерді үлкен жауапкершілік таныта отырып, балаларға жүріп тұру ережелерін түсіндіруге, болат жол маңында оларды жалғыз қалдырмауға шақырады. Өйткені қауіпсіздік қашанда да бірінші орында», – деп түйіндейді сөзін Марат Арапбекұлы.

ЖЕТІ РАЗЪЕЗД ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



АЙМАҚ

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің жартыжылдық жоспар көрсеткіші жақсы. Қолдағы деректерге сүйенсек, 8 пайдалану көрсеткішінің 5-еуі орындалған. Тәулігіне 349 вагоннан жүк түсірілген.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Ақтөбе ЖТ бөлімі 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында техникалық жоспарды 100 пайыздан жоғары орындады. Пайдалану көрсеткіштерін орындаудың оң динамикасы кіріс көрсеткішін арттырды. Жүк айналымы 3,9 пайызға ұлғайды. Сәйкесінше, кіріс өткен жылмен салыстырғанда 45,8 пайызға артық. Жүктерді тиеу көлемі 8 млн 213 мың тоннаны құрады, бұл абсолюттік шамада 183 мың тоннаға артық.

Жүк тиеу жұмыстарының дені 93,8 пайызы ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың үлесіне тиесілі. Оның ішінде 6,2 пайызы шетелге тасымалданды. Осылайша жүктерді тиеу көрсеткіші 102,3 %, статикалық жүктеме 100,6 %-ға жетті.

Тиелген жүктің негізгі үлесі құрылыс жүктеріне тиесілі – 43,6%, темір – 23,0%, түсті кен – 17,7%, мұнай – 5,1%, қара металдар – 4,0%, химиялық заттар – 1,1%, астық – 0,9%, басқа жүктер 4,2% құрайды.

Тәуліктік тапсырма бойынша

тәулігіне 343 вагон жүк түсірілу міндеттелсе, іс жүзінде тәулігіне 349 вагоннан түсірілді.

Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің директоры Бөріхан Беркімбаевтың айтуынша, биыл көп жылдық «2027 жылға дейін теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін дамыту бағдарламасы» жасалған. Оның шеңберінде автоблоктау жүйесі мен Қандыағаш – Никельтау – Әйтеке би учаскесінде жаңа 7 разъезд құрылысының басталуы маңызды оқиға екені аталып отыр. Бұл учаскенің өткізу қабілетін 2 есеге

арттыруға мүмкіндік береді.

«Бүгінгі таңда жаңа разъездердің құрылыс орындары анықталды. Разъездердің 8 бағыттамалық бұрмаларын салу және төсеу, разъездердің жер төсемін орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоса станциясы бойынша қосымша жол, сондай-ақ №191 разъездің жер төсемін орнату жұмыстары басталды. Сонымен қатар Никельтау станциясы бойынша айналма жол құрылысы жүреді. Бұл Қандыағаш – Никельтау – Әйтеке би полигонындағы жүк және жолаушылар пойыздарының өткізу қабілетін арттырады, – деді Бөріхан Беркімбаев.

Сонымен қатар жиында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау компания үшін басымдықтардың бірі екені аталды. Биыл апатты жағдай тіркелмеді. Сәйкесінше, қозғалыс қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған шаралардың жалғасатыны сөз болды.

СЫР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Теміржолшылар – ел экономикасының тамырына қан жүгіртіп, пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен үзіліссіз қызметін қамтамасыз ететін маңызды мамандық иелері. Осындай еңбек майданының алдыңғы шебінде жүрген Сыр өңірі теміржолшыларына арнайы келген «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаевтың Қызылорда станциясына жасаған жұмыс сапары кәсіподақтың 120 жылдығы аясында айрықша мәнге ие болды. Төрағаның Сыр бойындағы серпінді сапары аймақ теміржолшыларына үлкен қолдау болды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Сапар теміржол қозғалысын басқарудың құрметіне саналатын Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының ЭО постынан, Қызылорда станциясының кезекшілерімен басталды. Мұнда төраға Құлайша Жүгінісоваға мерекелік төсбелгі табыстап, еңбекке адалдықтың үлгісі ретінде алғыс білдірді. Бұл сапар – ардагерлерге құрмет, еңбек озаттарына алғыс айту алаңына айналды. Сонымен қатар төраға кәсіподақтың 120 жылдық мерейтой медалімен инженер Ғалия Копжасарованы, электрмен жабдықтау дистанциясының қызметкері Болат Нұрмұратов және бірқатар жол жөндеушілерді марапаттады.

Қала қақпасы саналатын вокзал жолаушылардың сұранысынан шығып отыр. Қазіргі таңда жаңарып жетілдірілген. Қайта жаңғыртудан өткен Қызылорда теміржол вокзалы да төрағаның назарынан тыс қалмады. Вокзал бастығы Жарас Қойшығұлов төрағаға ұжымның тыныс-тіршілігін танытырып, жолаушыларға көрсетіліп жатқан қызмет сапасын баяндады. Үздіксіз пойыз қозғалысын қамтамасыз ететін кезекшілердің жұмыс орнына да арнайы бас сұғып, олармен ашық диалог орнатты.

Жүктердің шашуа шықпай жеткізілуін, стратегиялық нысандардың қауіпсіздігін сақтауда темірдей тәртіпке жүгінетін Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі де жұмыс сапарында қамтылды. Қызметкерлермен болған кездесуде қауіпсіздік бағытында атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, темірдей тәртіпті талап ететін бұл қызметтің маңыздылығы атап өтілді.



Тарихи орындардың бірінен саналатын Қызылорда локомотив пайдалану депосы сапардың тағы бір маңызды нүктесі болды. Дөпе бастығы Нұртай Байғазы төрағаны тарихи мұражаймен таныстырып, өндірістік процестегі жетістіктер жайлы баяндады. Мұнда төраға өз қолтаңбасын қалдырып, кәсіподақтың ел өміріндегі тарихи маңызын атап өтті.

Теміржолшылар ұрпағына кәсіподақ қамқорлығы әрдайым тұрақты жасалып келеді, жасала да береді. Магистральдық желі бөлімшесінің мәжіліс залында өткен кезекті кездесуде теміржолшы балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтар толтырылған сөмкелер табысталды. Төрағаның қолынан сый алған балалар қуанышқа бөленді. Өннен шашу шашып, ақ батасын алды. Кездесу жылы жүзdesулер мен естелік суреттерге толы болды.

Келесі іссапар Белкөл станциясында жалғасты. Мұнда бөлімше директоры Батырхан Базарбаевпен, станция басшылығымен және жол жөндеушілермен жүздесіп, инфрақұрылымдағы өзгерістер, станцияның даму әлеуетін сөз қылды. Теміржол желісін жаңғыруы мен пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне байланысты нақты, мағыналы



пікір мен ұсыныстар тыңдалды.

– Алдағы қыркүйек айының 10 күні өтетін кәсіподақтың ХІ съезі қарсаңында өңірлерге сапарлап, әрбір теміржолшының жағдайын көзбен көріп, ұсыныс-пікірін тыңдау – басты мақсатымыз. Теміржолшыға темірдей қолдау жасау – біздің негізгі жұмысымыз. Қызылорда – кәсіподақтың қарашаңырағы. Мұнда әр теміржолшы кәсібіне адал, тәртіпке берік, – деген Оразғали Төлепбекұлы сапар мақсатын айқындап берді.

Ал «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов, өз кезегінде сыр теміржолшыларының темірдей тәртіптің үлгісін көрсетіп келе жатқанын, ал кәсіподақтың басты міндеті еңбек адамдарын қолдау екенін атап өтті. «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы дәстүр бойынша Қызылорда жол дистанциясының ауласына көшет отырғызды. Жалпы төрағаның бұл сапары бір күнмен шектелсе де, сала еңбеккерлеріне терең із қалдырды. Темір жолдың әр рельсінде, әр бекетінде еңбек етіп жүрген жандардың қажырлы еңбегі мен кәсіподақтың қолдауының арасындағы алтын көпірдің берік екенін осы кездесулер дәлелдеді.

Суреттерді түсірген автор

«PRO//ДВИЖЕНИЕ.ЭКСПО»: ИННОВАЦИИ И ДИАЛОГ



Уникальная коммуникационная площадка собралась на территории Музея железных дорог России более 7 000 лидеров железнодорожной отрасли, экспертов, разработчиков технологий, представителей международных научно-исследовательских организаций из разных стран, в том числе Казахстана. В мероприятии приняли участие АО «НК «ҚТЖ», ТОО «Камкор Локомотив» и другие компании. Здесь создана уникальная возможность для сотрудничества и обмена опытом, налаживания деловых связей по текущим и будущим проектам. Традиционно производители железнодорожной техники представляют на выставке свои самые главные новинки. В рамках деловой программы будут подняты ключевые вопросы будущего развития технологий на железнодорожном транспорте. Ждет участников и впечатляющий динамический показ ретролокомотивов, который в этом году будет посвящен 80-летию Победы в Великой Отечественной войне.

Программа включает свыше 15 тематических блоков, среди которых – перспективы развития железнодорожной отрасли в многополярном мире, разработка и внедрение цифровых технологий, запуск беспилотных транспортных систем, создание новых ключевых компетенций, укрепление научно-практической базы для будущих специалистов отрасли и другие.

Открыла работу «PRO//Движение.Экспо»



панельная дискуссия «Будущее тяжелого машиностроения. Локомотивный комплекс: вчера, сегодня, завтра», в ходе которой обсуждены технологические тренды в локомотивостроении, обслуживание и ремонт, а также взаимодействие производителей. Заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Айбат Кангалиев принял участие в сессии, объединившей перевозчиков Казахстана, России и Беларуси, а также представителей Совета по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества. Повестка включала вопросы развития пассажирского комплекса, международного сообщения и туристических перевозок, а также обновления подвижного состава.

Отдельное внимание экспертов уделено Единому информационному пространству международных пассажирских перевозок на платформе «Экспресс».

Кроме того, в первый день «PRO//Движение.Экспо» состоялись дискуссии на темы цифровой трансформации, подготовки кадров, презентации производителей и подписание соглашений с партнерами.

В рамках салона традиционно открылась выставка достижений железнодорожного машиностроения пространства 1520. Свои стенды и новинки техники представили порядка 130 компаний-экспонентов из России, Китая и стран СНГ. Среди них – флагманы мировой железнодорожной индустрии: АО «Трансмашхолдинг», «Синара – Транспортные машины», «Твема», «Радиоавионика» и другие крупнейшие производственные и технологические холдинги.

– Для «Трансмашхолдинга» как компании – технологического лидера участие в салоне имеет огромное практическое значение. Он придаст дополнительный импульс развитию технологических разработок, будет содействовать установлению новых профессиональных контактов, – отметил генеральный директор АО «Трансмашхолдинг» Кирилл Липа.

Компания презентовала инновационные пассажирские вагоны, тепловоз ТЭ26, дизель-поезд ДП2Д и трамвай «Воевода».

Помимо множества сессий, презентаций и круглых столов, в рамках выставки будут организованы два демо-дня индустриальных центров компетенции «Железнодорожное машиностроение» и «Железнодорожный транспорт и логистика».

По завершении двухдневной деловой программы 30 и 31 августа «PRO//Движение.Экспо» откроет свои двери для широкой публики. Гостем дней открытых дверей предложат увлекательные мастер-классы, интерактивные викторины, лекции об истории развития железных дорог и, конечно, показ железнодорожной ретротехники, не имеющих аналогов в мире.

Любовь РОББА,
Астана – Санкт-Петербург
Фото автора

ПАРТНЕРСТВО, ОПЕРЕЖАЮЩЕЕ ВРЕМЯ



Айлин БАУРЖАН,
Астана

В ходе встречи стороны обсудили текущее сотрудничество и перспективы дальнейшего расширения совместных проектов, призванных укрепить транспортно-логистическую систему Казахстана и повысить ее роль в международных грузопотоках.

АО «Кедентранссервис» особо отметило успешный опыт совместной работы при строительстве нового контейнерного терминала Zhetyysu в Алматы.

Уникальность этого объекта заключается не только в масштабе и технических решениях, но и в рекордно коротких сроках возведения – строительство завершилось всего за 88 дней.

Этот результат стал наглядным примером внедрения новых

стандартов в современном строительстве, продемонстрировал высокий уровень инженерных решений и подтвердил эффективность совместного подхода к реализации сложнейших инфраструктурных объектов.

По итогам переговоров стороны выразили готовность и в дальнейшем развивать партнерство. В частности, обсуждаются проекты строительства новых объектов, которые внесут весомый вклад в развитие транспортно-логистической инфраструктуры Казахстана. Реализация подобных инициатив позволит не только укрепить позиции страны как транзитного узла Евразии, но и создать новые возможности для бизнеса, ускорить сроки доставки грузов и повысить конкурентоспособность отечественной экономики.



От имени АО «Кедентранссервис» партнерам из China Construction Sixth Engineering Division Corp. Ltd была выражена благодарность за высокий профессионализм, ответственность и качественный подход к работе.


Успешная реализация проекта Zhetyysu стала прочным фундаментом для дальнейшего

углубления сотрудничества между Казахстаном и Китаем в сфере транспортно-логистических решений. Новые совместные проекты станут не просто строительными объектами – они превратятся в важные звенья международной инфраструктуры, соединяющей Восток и Запад.

Фото автора

АО «Кедентранссервис» и компания China Construction Sixth Engineering Division Corp. Ltd укрепляют партнерство, направленное на развитие совместных инфраструктурных проектов и расширение транспортно-логистических возможностей Казахстана.

УГОЛЬ В ЗАПАСЕ – ЗИМА БЕЗ ТРЕВОГ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

До начала отопительного сезона остается полтора месяца, и вопрос обеспечения населения твердым топливом остается актуальным. В регионе особое внимание уделяется созданию запасов угля, контролю цен и организации бесперебойных поставок. Потребность Алматинского региона на зиму составляет 1 216,9 тысячи тонн, на сегодняшний день уже выгружено 86%.

Сотрудники отдела логистики ежедневно контролируют движение вагонов, объемы выгрузки и наличие угля на складах. На базах региона в достаточном количестве представлены все виды топлива. Наибольшее их сосредоточение – в Шамалгане, где практически на каждой базе видны огромные горы угля, готовые к отгрузке. План выгрузки станции Шамалган составляет 312 вагонов (21 528 тонн), фактически выгружен 191 вагон (13 179 тонн), или 61%.

Для примера, на базе ИП «Седа» ежедневно разгружается до 10 ва-



гонов шубаркольского угля. Здесь в наличии 3 500 тонн, еще 600 тонн находится на подходе. Цена за тонну составляет 21 500 тенге.

На угольной базе «Вертекс Холдинг» цена за тонну составляет 22 000 тенге, ежедневно выгружается по 5-6 вагонов, в наличии – 430 тонн топлива. Уголь поступает с разреза Кара-Жыра и отличается высоким качеством. За углем сюда приезжают жители Энбекшиказахского, Жамбылского, Илийского районов, а также из Баканаса и ближайших поселков.

На станции Медеу склады компаний «Алим Х» и ИП «Капанов»

обеспечены достаточными запасами угля, цена которого варьируется от 21 500 до 22 500 тенге. Это позволяет населению заблаговременно подготовиться к отопительному сезону.

На станции Талдыкорган действует 11 угольных баз, которые бесперебойно снабжают топливом жителей Ескельдинского, Аксуского районов и города Сарканды.

Если в прошлые годы в Сарыозеке ощущался острый дефицит угля, то в нынешнем сезоне ситуация кардинально изменилась. На складах ТОО «Сауда комир» и ТОО «Зафар Тараз» созданы

необходимые запасы, поставки организованы без перебоев, а в наличии имеются остатки угля.

Как отмечают работники складов, продажи угля пока остаются умеренными. Однако с понижением температуры ожидается рост спроса и увеличение числа покупателей. Именно поэтому заблаговременно созданы достаточные запасы топлива, что позволит обеспечить всех желающих без перебоев. Для перевозки задействованы полувагоны, а уведомления грузополучателей о подходе и прибытии вагонов производятся своевременно.

– Мы проверили все тупики: уголь завезен, качество хорошее, проблем с обеспечением нет, ситуацию держим на контроле, – подчеркнул начальник отдела логистики и организации перевозок Алматинского отделения грузовых перевозок Кайрат Кулаков.

Поставки в регионе осуществляются строго по графику, и созданный запас гарантирует жителям спокойную зиму.

Фото автора

85 ЛЕТ НА СЛУЖБЕ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



29 августа пожарный поезд станции Кушмурун Костанайского региона отмечает свой 85-летний юбилей.



История этого уникального подразделения началась в далеком 1940 году, когда на станции появился первый пожарный поезд – тогда это была всего лишь конка с цистерной на 800 литров воды. Сегодня, спустя восемь с половиной десятилетий, пожарный поезд Кушмурун – это мощный состав из четырех вагонов: двух цистерн по 50 тонн каждая, вагона-насосной и вагона-гаража. Его надежно обслуживает экипаж из 13 пожарных-железнодорожников.

До 1957 года Кушмурунский пожарный поезд был единственным в регионе, а сегодня в Костанайской области их четыре. Несмотря на это, именно он остается старейшим и символическим, первым в истории пожарным поездом региона.

По словам начальника пожарного поезда станции Кушмурун Костанайского отделения магистральной сети Бейбита Марденова, в честь юбилея на станции пройдут торжественные мероприятия. Экипаж продемонстрирует гостям свое мастерство: боевое развертывание, экскурсию по вагонам и рассказ о трудовых буднях.

На праздник приглашены ветераны железной дороги, бывшие начальники поезда, действующие железнодорожники и жители Кушмуруна. Поздравления и теплые слова прозвучат в адрес нынешнего коллектива и ветеранов, им вручат медали и грамоты. Завершит торжества праздничный обед.

– Наш пожарный поезд не только тушит возгорания вдоль железной дороги и на станциях, – отметил Бейбит Марденов. – Мы постоянно взаимодействуем с государственной пожарной службой. Если возгорание происходит недалеко от железной дороги, мы выезжаем туда. Так было в 2022 году во время лесных пожаров в Аулиекольском районе: именно наш поезд прибыл на место первым и оставался там до конца.

85 лет Кушмурунский пожарный поезд несет вахту, оставаясь надежным щитом железной дороги и опорой для региона.

Фото автора

ВНИМАНИЕ – ДЕТИ!

Анна МАРЬИНА,
Уральск



Под таким названием в преддверии нового учебного года стартовала общереспубликанская акция, в рамках которой прошел очередной совместный профилактический рейд работников станции Орал и линейного отдела полиции по станции Уральск с целью недопущения несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте.

Рейд прошел в четной горловине станции Орал, что в районе Омеговского моста, включая обход придомовых территорий, а также в поезде № 614 сообщением Уральск – Актау на вокзале станции Орал. В нем приняли участие инженер по



охране труда станции Орал Гульдана Танат, старший инспектор группы профилактики правонарушений ЛОП майор полиции Владимир Федунгов и инспектор службы ОАП ЛОП на станции Уральск капитан полиции Лаура Азизова.

Места для рейда выбраны не случайно. В четной горловине станции Орал под Омеговским мостом наблюдается оживленное движение пешеходов, хотя на мосту имеются удобные и освещенные дорожки. Люди игнорируют безопасный путь и пересекают железную дорогу в опасном месте, рискуя попасть под поезд или автомобиль, ведь рядом проходит дорожная развязка с крутым поворотом.

Особую угрозу создает «народная тропа», ведущая через узкий проход между заборами прямо на пути. Выбегающих из него пешеходов машинисты не видят, что делает ситуацию крайне опасной.

В ходе рейда нарушителям разъяснялось, почему нельзя наступать на рельсы, затыкать уши наушниками и капюшонами, переходить железнодорожные пути в неустановленных местах, а также вручали памятки на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности». В общей сложности провели беседу с около 40 гражданами, вручили более 30 памяток, составили два протокола с предупреждением, согласно ст. 559 ч.1. КоАП РК. В поезде также провели профбеседы по недопущению травматизма, о мерах личной безопасности, а также предотвращению краж и сохранности своих вещей и багажа.

Фото автора

СЕРДЦЕ, БЬЮЩЕЕСЯ В РИТМЕ ДОРОГИ



Родилась Рита Енсебаева в поселке Джалагаш Кызылординской области. Еще в юности она выбрала профессию, которая на долгие годы стала ее судьбой. В 1984 году окончила Гурьевский техникум железнодорожно-го транспорта, а в 1991-м – Алматинский институт инженеров железнодорожного транспорта.

Профессиональная биография Риты Абджалеловны охватывает более 41 года непрерывной службы на железнодорожном транспорте. Она прошла путь от инструктора производственного обучения и дежурного по станции до должности главного менеджера департамента технической политики ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

В истории казахстанской железной дороги есть имена, которые становятся символом верности делу и преданности профессии. Одно из них – Рита Енсебаева, главный менеджер департамента технической политики ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки». Ее общий стаж в отрасли – более 41 года.

На всех этапах карьеры она демонстрировала высокий уровень знаний, компетентность и умение организовать работу коллектива.

Особое место в ее деятельности занимает участие в разработке нормативно-технической документации для строительства новых железнодорожных линий: Аксу – Дегелем, Хромтау – Алтынсарино, Узень – Болашақ, Жетыген – Корғас.

Для каждой линии ею были разработаны технологии производства работ и ТРА станций. Эти магистрали стали частью стратегической транспортной сети Казахстана, обеспечив связи между регионами и соседними странами.

Рита Абджалеловна – не только профессионал, но и

наставник. Ее ученики сегодня занимают руководящие посты: заместитель директора департамента технической политики Канат Издыбаев, замдиректора департамента безопасности движения Руслан Молдағалиев, главный менеджер департамента инфраструктурного развития Акыл Билялов.

Она по праву носит звание «первопроходца» династии в отрасли железнодорожного транспорта, вдохновляя молодое поколение на служение профессии.

За годы службы она удостоена знака «Лучший специалист», медали «120 лет КТЖ», многочисленных грамот и благодарностей. В 2024 году ей присвоено звание «Почетный железнодорожник»



– высшая награда отрасли.

Но за чертежами и графиками, планами и схемами живет женщина с добрым сердцем. Рита Абджалеловна – заботливая мама дочери Азиды и счастливая бабушка, гордящаяся внучкой и внуком. Семья для нее – источник поддержки и вдохновения.

Жизнь и труд Риты Енсебаевой – яркий пример служения профессии и Отечеству. Она доказала, что железная дорога – это не просто стальные рельсы и составы. Это люди, их ум, сердце и воля.

Айлин БАУРЖАН, Астана
Фото автора

ДАРТС ОЙНАП ЖАРЫСТЫ

Конституцияның 30 жылдығына орай «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ Астана филиалының ұйымдастыруымен бірлестіктің белсенді қызметкерлері арасында дартс ойынынан жарыс өтті.



Атап айтқанда, жарыс ҚТЖ-ның еншілес ұйымдары бойынша кәсіподақ басшылары және компанияның БАҚ өкілдері арасында ұйымдастырылып, ерлер мен әйелдер бөлініп ойнады.

Іс-шараны сөз сөйлеп ашқан бірлестіктің төрағасы Оразғали Ахметбаев жарыс қатысушыларын алдағы ресми маңызды мерекемен құттықтап, ойында сәттілік тіледі. 4 кезеңнен тұрған ойынға «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ Астана филиалы төрағасының орынбасары Әбүйір Жұмаев қазылық етті. Әр кезеңде қатысушылар 3 рет нысана кездеуге мүмкіндік алды.

Барлығы 12 адам қатысқан жарыста ерлер арасында бірінші орынды «Қазақстан теміржолшысы» газетінің орыс редакциясы тобының жетекшісі Руслан Рахметов иеленсе, әйелдер

арасындағы ойында осы басылымның қазақ редакциясы тобының жетекшісі Сұлугұл Бакесова жеңімпаз болды. Сондай-ақ әйелдер арасында 2,3-орындарды компанияның Бас есептеу орталығы бойынша кәсіподақ төрайымы Гүлнар Омаржанова және «Қазақстан теміржолшысы» газетінің шолушысы Райхан Рахметова алды. Ерлер арасында 2,3-орындарды ҚТЖ Баспасөз қызметі медиа редакциясының операторы Есенаман Шамау және Астана электрмен жабдықтау дистанциясы бойынша Кәсіподақ ұйымының төрағасы Ержан Бейсенбаев иеленді. Іс-шара соңында барлық жүлдегерлер грамоталар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

1 қыркүйек – Білім күні



В ШКОЛУ – С ПОДАРКАМИ

Воспитательный праздник, который понравился и детям, и взрослым, провел профсоюз в рамках ежегодной акции «Дорога в школу» в Усть-Каменогорске. В гости к будущим первоклассникам пришли известные сказочные персонажи. И, конечно, всех детей ждали самые главные подарки – яркие школьные ранцы с канцелярскими товарами.

Аниматоры развлекали ребят всеми заданиями, челленджами, считалками. Каждый ребенок то оказывался внутри волшебного гигантского мыльного пузыря, то вовлеченным в очередную активную игру. Профсоюз просмотрел все мелочи – подготовил для детей питьевую воду, если после активностей они вдруг захотят пить. И вот настал самый важный момент – вручение ранцев. Радости детей не было предела!

Как рассказал председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов, в этом году по всему Оскеменскому региону Семейского отделения грузовых перевозок насчитывается 80 детей железнодорожников, которые впервые сядут за парты. В Усть-Каменогорске организовали праздник для тех, кто проживает в этом городе. Но и остальные дети-первоклашки, родителей которых трудятся на линии, участвуют в ежегодной акции «Дорога в школу». Они также получают ранцы.

Пенсионерка Галина Стягова привела на праздник свою внучку Аглаю. Она рассказала, что ребенок уже подготовлен к школе: вторая бабушка у нее – учитель начальных классов.

– Пойдем в первый класс 1 сентября в 37-ю школу, – сообщила Галина Стягова. – Аглая очень ждет этого события. Она уже и читает, и пишет, и считает, и умножает. У нас поддержка со стороны близких есть. Это очень хорошо, что профсоюз организует такие мероприятия и помогает собраться в школу,



оказывает внимание детям железнодорожникам. Я думаю, это имеет большое воспитательное значение. Ведь дети не знают, что такое школа. А им создают настроение, и они начинают понимать, что школа – это что-то хорошее, важное в жизни.

Оператор вагонов Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Назгуль Турарова привела на мероприятие своего сына Косая Айтуганова.

– Я очень довольна и сын тоже, это было очень красиво и весело, – говорит Назгуль. – Мы очень благодарны профсоюзу за такую помощь и праздник. У нас четверо детей, и старшие девочки уже получают такие подарки к 1 сентября в виде ранцев с канцелярскими принадлежностями. Теперь вот настала очередь Косая.

Машинист тепловоза Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Роман Минаев пришел с дочерью Алисой. Они рассказывают, что праздник был просто «вау!», а подаренный ранец просто чудесным, он очень понравился девочке. Родители и дети были единодушно – праздник удался!

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото автора

ОҚУШЫЛАР МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН

Қазір түбек теміржолының шалғай бекеттерінде тұратын балақайлар «Алақай, мен мектепке барамын, сөмкем бар» деп үйге келген қонақ пен жақындарына мектеп сөмкесін мақтана көрсетіп, мээ-мейрам. Оған себепші, түбек теміржолының әкімшілігі биыл да жылдағыдай «Мектепке жол» акциясына атсалысып, білім ошағы табалдырығын алғаш аттағалы тұрған ұл-қыздарды оқу құралдарымен қамтамасыз етті.

Осыған дейін Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 31 балаға, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіндегі теміржолшылардың отбасынан 35 балаға ішіндегі оқуға қажетті құрал-жабдығымен мектеп сөмкелері берілген. Олар үшінші, төртінші және бесінші санатты станцияларда тұратын сала қызметкерлерінің

балаларына таратылған.

Нарық заманында бір баланы мектепке дайындауға кететін қаражаттың өзі аз емес. Формасы мен сөмкесі, басқасы бар, қатарынан қалдырмайын деп тәуірінен таңдаса, қалтаға біраз салмақ салары анық. Сондықтан бірнеше перзенті бар, оның бәрі мектепте оқитын жанұялар үшін

мекемеден беріліп отырған бұл көмек отбасы бюджетіне үлкен қолдау екені сөзсіз. Ата-аналар да риза, балалар да бақытты.

Одан бөлек ұжымдық шартқа сәйкес теміржолшылардың балалары үшін Білім күніне байланысты берілетін қаржылай көмек тағы бар. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде бұл қолдау 341



жұмысшының 1153 баласына әр бала үшін төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бөлінген. Аталған қаржылай қолдау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты мекемелерде еңбек ететін жұмысшылардың балалары үшін де қарастырылған.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

Шу машиналандырылған жол дистанциясының кәсіподақ ұйымы теміржолшылар отбасындағы 10 оқушыға оқу құралдары салынған рюкзак тарту етті.

– Бірінші кезекте көп балалы отбасыларды назарға аламыз. Дистанция бойынша жасалған тізімдегі теміржолшылардың дені – ер азаматтар. Олар қазір жұмыс сапарымен нысан басында жүргендіктен, оқу құралдары толтырылған сөмкелердің көпшілігін балалардың аналарына тапсырдық. Жыл сайын жаңа оқу жылының ба-

сында осылай жұмысшыларымыздың отбасындағы оқушыларды қуанытп тұрамыз, – дейді Шу машиналандырылған жол дистанциясы кәсіподақ ұйымының төрайымы Тоғжан Молдабаева.

Қыркүйек жақындаған сайын су жаңа оқу құралдарын ұстап көруге асығатын балалар жаңа сөмкесін бір ашып, бір жауып, қуанып жүр. Жаңа нәрсеге деген қызығушылық – жаңалыққа құмартып тұратын бала көңілден туар ерекше сезім болса керек.

Айназ СЫРЫМБЕТ, Шу



Жаңа оқу жылы қарсаңында Қызылорда ЖТ бөлімшесі бойынша теміржолшылар «Балаларды мектепке дайындайық» атты акция аясында әлеуметтік маңызы бар игі іске үлес қосты.

Іс-шара шеңберінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы, халықаралық оқушылар арасында өткізілетін жарыстардың үздіктері, толық емес отбасы мүшелері, қолдауды қажет ететін әлеуметтік санаттағы теміржолшылар отбасыларының балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтар салынған сөмкелер үлестірілді.

Жыл сайын өтетін дәстүрлі бұл қайырымдылық шарасы аясында бөлімшенің шалғайдағы 4 және 5-класстық станцияларында еңбек ететін теміржолшылардың балалары назарға алынды. Мәселен, 10 балаға мектепке арналған

сөмкелер тапсырылса, жалпы «Аманат» партиясы мен кәсіподақ ұйымының атынан 20 мектеп сөмкесі таратылды. Барлық сөмкелер оқу құралдарымен толықтай жабдықталған.

«Бұл шараның мақсаты – балалардың мектепке толыққанды дайын болуына жағдай жасау, білімге деген ынтасын арттыру, сондай-ақ теміржолшылар қауымына моральдық әрі материалдық қолдау көрсету», – дейді Қызылорда бөлімшесі кадр бөлімінің басшысы Орынкүл Нұрмашқызы.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалындағы кәсіподақ ұйымы биылғы оқу жылында теміржолшылар отбасына арнап оқу құралдары салынған 347 рюкзак дайындады.



Осыған орай Жамбыл жол бөлімшесіне Тараздағы құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері шақырылды. «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Айдын Сеитбенбетов, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев, кадрлар бөлімінің бастығы Меруерт Баймұраева, Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Наурызбаев әлеуметтік топқа енген отбасыларға жаңа сөмкелерді табыс етті.

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның бастамасымен жыл сайын жаңа оқу жылында теміржолшылар отбасындағы мектеп оқушыларына оқу құралдарымен бірге жаңа сөмке сыйлау дәстүрге айналған. Бүгінгі жас жеткіншек – ертең ел тірегі. Біз жас ұрпақтың сапалы білім алуы үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Биыл Жамбыл бөлімшесі әлеуметтік топтағы отбасылардың тізімін өткен жылмен салыстырған 55-ке дейін арттырдық. Бұл филиалға қарасты құрылымдық бөлімшелердегі қызметкерлердің 10 пайыздан астамын құрайды, – деді Айдын Пайзылдаулы.

Сапалы сөмкелердің ішінде оқу құралдарының барлық түрі бар. Кәсіподақ ұйымының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Ерболат Жидебаевтың айтуынша, салалық бастауыш кәсіподақ ұйымдары 5 және одан асатын көп балалы отбасылар мен жалғызбалалы аналардың тізімін жасаған.

Жалпы Жамбыл ЖТ бөлімшесі жыл сайын жаңа оқу жылының қарсаңында ұйымдастырылатын республикалық «Мектепке жол» акциясына да үн қосып, атсалысып тұрады. Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Наурызбаев сөмкелер алдымен Жаңатас, Қаратау, Түлкібас, Сарышаған, Шу, Түркісіб секілді шалғайдағы құрылымдық бөлімшелерге таратылғанын жеткізді.

Ардақ СЕЙІПНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 5 сентября 2025 года.	Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігіне тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.
--	--

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	ҚАЗКӨЛІККӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзбаса басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС
---	--	--	--	---	---